

AP09058465 «COVID-19 пандемиясына тиімді жауап беру үшін Қарағанды облысының ауылдық медициналық мекемелерінің тиісті сумен, санитариямен және гигиенамен (ССГ) қамтамасыз етілуін бағалау»

Өзектілігі

Өлім-жітіммен аяқталатын өршулер мен эпидемиялар ССГ инфрақұрылымы мен халықтың гигиена дағдылары жақсарғанға дейін жалғасады. Бұл гипотезаны дәлелі таралуын болдырмаудың маңызды элементі қол гигиенасы болып табылатын COVID-19 пандемиясы болды. Қазіргі уақытта өңірлер бойынша және жалпы ел бойынша медициналық мекемелерде ССГ қызметтерінің қолжетімділігі мен жай-күйі туралы деректердің болмауы Қазақстанда COVID-19 пандемиясына тиімді жауап беру үшін кедергі болып табылады. Демек, ССГ ағымдағы қызметтерін өзекті бағалаумен бірге жағдайды талдау оларға қол жеткізуді жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеуге және сол арқылы ауылдық медициналық мекемелер жағдайында COVID-19-бен күресте тұрақты нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етуге мүмкіндік береді.

Мақсаты: COVID-19 алдын алу және бақылау, халыққа медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру және медицина қызметкерлерін қорғау үшін ауылдық медициналық мекемелерде су, санитария мен гигиенаның (ССГ) тиісті жағдайларына қол жеткізуді жақсарту жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

Күтілетін нәтижелер

Жобаны іске асыру барысында ДДСҰ мен ЮНИСЕФ-тің МББ ұсынған ССГ қызметтерінің иерархиялық сатысына сәйкес ауылдық медициналық мекемелердегі ССГ деңгейі, науқастар мен қызметкерлердің аудандар мен жыл кезеңдері бойынша ССГ қызметтерінің ағымдағы қолжетімділігі мен сапасына және аудандар бойынша ССГ-ның биологиялық қауіпсіздігіне қанағаттану дәрежесі бағаланатын болады. Алынған нәтижелердің негізінде ауылдық медициналық мекемелер жағдайында COVID-19 және басқа да жұқпалы аурулардың алдын алу және бақылау үшін ССГ-нің тиісті жағдайларына қол жеткізуді жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленеді.

Зерттеу тобы

Омарова А.О. – доктор PhD, «ҚМУ» КеАҚ Қоғамдық денсаулық және биомедицина мектебінің қауымдастырылған профессоры, жобаның жетекшісі. Scopus-тағы Author ID: 56099957900. Web of Science-тағы Researcher ID: AAR-6826-2020. ORCID ID: 0000-0002-2087-3824. Scopus-тағы профиліне сілтеме: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56099957900>

Беляев И.А. – доктор PhD, «ҚМУ» КеАҚ Биомедицина кафедрасының қауымдастырылған профессоры. Scopus-тағы Author ID: 55935731100. ORCID ID: 0000-0003-3373-2059. Scopus-тағы профиліне сілтеме: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55935731100>

Ердесов Н.Ж. – «Медико-профилактикалық іс» мамандығы бойынша медицина ғылымдарының магистрі, «ҚМУ» КеАҚ Қоғамдық денсаулық және биомедицина мектебінің оқытушы-зерттеушісі. ORCID ID: 0000-0001-8095-3140.

Исмаилов Ч.У. – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша медицина ғылымдарының магистрі, «ҚМУ» КеАҚ Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Ғылыми-зерттеу санитарлық-гигиеналық зертханасының ғылыми зерттеулер менеджері. ORCID ID: 0000-0002-4766-7115.

Амирханова Ж.Т. – «Биология» мамандығы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрі, Биомедицина кафедрасының оқытушысы. ORCID ID: 0000-0002-5487-3574.

Абдрахманов А.Д. – «ҚМУ» КеАҚ 7М10108-«Қоғамдық денсаулық сақтаудағы менеджмент» мамандығының 1-ші оқу жылының магистранты.

Кошмаганбетова А.Б. – «ҚМУ» КеАҚ Академиялық жұмыстар департаменті тіркеу офісі блогының маманы.

Жарияланымдар

2021 жылы ғылыми-зерттеу жұмысының материалдары бойынша жарияланды:

1. Omarova A.O., Belyayev I.A., Akhmetova S.B., Yerdosov N.Zh., Ismailov Ch.U., Kharin A.D. Challenges of microbiological safety of water supply, sanitation and hygiene. Literature review // Ғылым және Денсаулық сақтау. - 2021. - №4 (Т.23). - С.46-57 (*ҚР ҒБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған*).

2. Omarova A. Analysis of the current situation with water, sanitation and hygiene (WASH) in rural hospitals // European Journal of Public Health. - 2021. Vol.31, Suppl.3. - P. 129. doi.org/10.1093/eurpub/ckab164.340 (*Web of Science-те IF=2,391; квантиль-Q1 қоғамдық денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау және еңбек гигиенасы бойынша*).

Апробация

Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері *ауызша баяндама*мен ұсынылды:

– “Public Health Futures in a Changing World” 2021 жылғы 14-ші Еуропалық Қоғамдық денсаулық сақтау конференциясында, 10-12 қараша 2021 жыл.

2021 жылы қол жеткізілген нәтижелер

1. ССГ қызметтерінің базалық деңгейі ОКА-ның хирургиялық, терапевтік корпустары мен тері-венерологиялық орталығында бар. ОАА-ның Топар ауылында орналасқан аурухана қалашығы сумен жабдықтаудың базалық, ал санитария мен гигиенаның шектеулі қызметтеріне ие; Самарка ауылындағы дәрігерлік амбулаторияда және Есенгелді ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пунктінде сумен жабдықтаудың базалық және гигиенаның шектеулі қызметтері бар, ал санитария қызметтері жоқ.

2. ОАА-ның науқастары мен персоналының ССГ қызметтерінің ағымдағы қолжетімділігі мен сапасына қанағаттану дәрежесі ОКА-на қарағанда жоғары. Мұндай нәтижелерге қала тұрғындарының ССГ-ның емдеу нәтижесіне және науқастардың қалпына келу мерзіміне әсері туралы жоғары хабардарлықтары себеп болуы мүмкін.

3. ОАА-нда ауыз суда жалпы және термотолерантты колиформды бактериялардың жүйелі пайда болуы байқалады, бірақ ОКА-мен салыстарғанда оң сынамалардың пайызы аз және микробтық жүктеме едәуір төмен. ОКА-нда *Ps. aeruginosa* және *A. baumannii* сияқты медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар қоздырғыштарына тән микроағзалардың болуы байқалады.

Әлеуетті пайдаланушыларға арналған ақпарат

Мақсатты тұтынушылар санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау ұйымдарының, облыстық денсаулық сақтау және экологиялық мониторинг басқармасының мамандары болады. Сонымен қатар, материалдар «ҚМУ» КеАҚ студенттері мен оқытушылары үшін қол жетімді болады және оқу процесінде қолданылады.